

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 4 желтоқсандағы N 1652 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы тамыздағы N 1276

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Құрылыс өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өнеркәсібіне қолдау көрсетудің секторлық бағдарламасын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 4 желтоқсандағы N 1652 Р951652_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігімен бірлесіп конкурстық негізде жобаларды іріктеуді жүзеге асырсын, түпкі заемшыларды айқындасын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қатысуымен жобалардың жүзеге асырылуы мен тартылған несиелердің уақытында өтелуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін."

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі